



ЕЛ ТІЛЕГІ

gazeta_eltilegi@mail.ru

№36 (996) Сәрсенбі 23 қыркүйек 2026 жыл

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗ АҚПАРАТТЫҚ, ТАНЫМДЫҚ, ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТІ

<http://www.qsip.kz/>

<http://www.instagram.com/eltilegigazeti>

<http://www.facebook.com/eltilegigazeti>

ТОҒЫЗ ЖОЛДЫҢ ТОРАБЫНДАҒЫ НЫСАН ҚАЙТА ЖАҢҒЫРТЫЛДЫ



Торетам теміржол вокзалының ашылу салтанаты өтті. Аймақ басшысы теміржол инфрақұрылымын дамытудағы жұмыстарға тоқталып, вокзалдарды заман талабына сай жаңғырту тұрғындар үшін де, аймағымызға келетін қонақтар үшін де маңызды екенін атап өтті.

«Сыр өңірі – тоғыз жолдың торабында орналасқан, өңірлерді бір-бірімен жалғаған маңызды көлік дәлізі. Облыс аумағынан 15 жолаушы пойызы өтеді. Облыс орталығынан Астана, Петропавл,

Павлодар, Көкшетау, Семей, Түркістан қалаларына пойыз қатынайды. Бүгін – қасиет қонған, Қорқыт баба дүниеге келген Қармақшы ауданында қуанышты күн! Өздеріңізбен бірге аймағымыз үшін маңызды зор жобалар – Торетам және Жосалы теміржол вокзалдарын пайдалануға береміз. Ел игілігі жолындағы барлық бастамаға сәттілік тілейміз! Сондай-ақ осы нысанды күрделі жөндеуден өткізуге үлес қосқан азаматтарға алғысымызды білдіреміз. Баршаңызға зор денсаулық, отбасыларыңызға амандық пен бақ-береке тілеймін! Еліміз аман,



жұртымыз тыныш болсын!», – деді Мұрат Ерғешбаев.

Рәсімде Құрылтай депутаты Мағжан Ералиев сөз сөйлеп, Қармақшы аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Асқар Мереков ақ бағасын берді. Теміржол саласының және мердігер мекеменің қызметкерлері облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды.

Торетам теміржол вокзалының тарихы Байқоңыр ғарыш аймағының құрылу және қалыптасу кезеңімен тығыз байланысты. Станция арқылы айлаққа қажетті құрылыс материалдары, жабдықтар және жүк тасымалданған.

Жаңғыртылған вокзал тәулігіне 250 жолаушыға қызмет көрсетеді. Күрделі жөндеу кезінде ғимараттың қасбеті мен іргетасы қапталып, шатыр жабыны, есік-терезелері ауыстырылды. Электр желілері жаңартылып, жылу жүйесі жүргізілді, заманауи талапқа сай жабдықталды.

Мұнда жолаушыларға арналған күту залы, мүгедектігі бар және балалы жолаушыларға арналған арнайы бөлмелер, медициналық пункт қарастырылған. Қайта жаңғырту жұмыстарына 1 млрд теңге қаржы бөлінді.



«ЕЛ ТІЛЕГІ» ГАЗЕТІ

еліміздің барлық өңірлеріне тарайды. Бүгінде өзінің оқырмандары асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымдарға 2027 жылдың I жартыжылдығына жазылу науқаны жүріп жатыр.

«Ел тілегі» газетіне жеке жазылушылар үшін индекс 65007

6 айға – 4502 теңге 22 тиын

БАСЫЛЫМДЫ АСЫҒА КҮТЕТІН ОҚЫРМАНДАРЫМЫЗБЕН ӘРДАЙЫМ БІРГЕМІЗ!

- Мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз, бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе, әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз «Ел тілегі» газетіне жарнама беріңіз!
- Сонымен бірге құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса, құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, Бізге хабарласыңыз!

Қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:
8 705 982 76 61,
8 777 752 54 63.

ЖАСТЫҚ ШАҒЫМНЫҢ КУӘСІ – ҚЫЗЫЛОРДА



«Қала күні» мерекесі аясында «Жастық шағымның куәсі – Қызылорда!» атты дәстүрлі ретро-фестиваль өтті. Ашық аспан астындағы мәдени шара өнерпаздардың тақырыптық қойылымымен басталды. Өнші-композитор Өктем Алтаев өзінің танымал әндерін орындап, ретро-кештің көркін қыздырды.

Әрі қарай сахна төріне А.Токмағамбетов атындағы қалалық мәдениет үйі жанындағы «Мереке», облыстық филармония жанындағы «Сыр самалы», Теренөзектен келген «Достар», Жанакорған ауданының «Экспресс» және Қазалының «Сейхун» вокалды-аспапты

ансамбльдері шығып, әсем әндерін ұсынды. Бұл әндер – балалық, жастық шақтың, тұтас бір дәуірдің бейнесі. Өткенді сағыну – бүгінді ұмыту емес, керісінше, қайдан келгенінді білу. Өткен дәуірдің әндерімен бірге жұртшылық Сырдария жағасындағы қаланың тарихына да бойлады. Сұрақтарға жауап беріп, шаһардың тыныс-тіршілігіне қатысты қызықты деректерді жаңғыртты.

Фестиваль аясында көрермен назарына арнайы ретро көрме де ұсынылды. Көрме келушілерді өткен ғасырдың естеліктерімен қайта қауыштырып, бір сәтке уақытты кері шегергендей әсер қалдырды. Көрмеге көне тұрмыстық бұйымдар, ескі фотоаппараттар, телефондар, магнитофондар, винил пластинкалар, кассеталар және сол кезеңнің

өзге де жәдігерлері қойылды. Әсіресе сол кезеңді көзімен көрген аға буын өкілдері үшін таныс дүниелер балалық пен жастық шақтың жарқын сәттерін еске түсірсе, жас көрермендер үшін өткен дәуірдің мәдениеті мен тұрмысымен танысуға мүмкіндік берді. Әсем ән мен әсерлі естелікке толы кеш соңында фестиваль қатысушылары сахнаға шығып, Тәңірберген Қалауовтың «Қызылорда вальсын» бірге орындады.

Іс-шарада қала әкімінің орынбасары Еркін Турабаев өнер ұжымдарына аймақ басшысының алғыс хаттарын және қаржылай сый табыстады. Дәстүрлі ретро-фестиваль көрерменге көтеріңкі көңіл-күй сыйлап, жастық шақтың әуенімен өткенге бір сәт саяхат жасатты.

ВЕТЕРИНАРИЯ САЛАСЫ БОЙЫНША ЖЕКЕ ЖӘНЕ ЗАНДЫ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ МІНДЕТТЕРІ!

Қазақ халқы үшін ішсе – асы, кісе – киімі, мінсе – көлігі, тұғынса – бұйымы, берсе – сыйы болған тіршілігін төрт түлікпен тығыз байланыстырған. Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнамасы жеке және заңды тұлғаларға жұқпалы аурулардың пайда болуының алдын алуға және жануарлар мен халықтың денсаулығын сақтауға және қорғауға бағытталған бірқатар міндеттерді жүктейді.

Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі № 339 Ветеринария туралы Заңының 25-бабында «Жеке және заңды тұлғалардың жануарлар ауруларының, оның ішінде жануарлар мен адамға ортақ аурулардың алдын алу жөніндегі міндеттері» көрсетілген.

1. Ветеринариялық-санитариялық ережелерді сақтай отырып, ветеринариялық және әкімшілік-шаруашылық іс-шараларды жүзеге асыруға; аумақты, мал шаруашылығы қора-

жайларын, сондай-ақ жемшөпті, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты сақтауға және өңдеуге арналған ғимараттарды ветеринариялық ережелер мен ветеринариялық нормативтерге сәйкес ұстауға, қоршаған ортаның ластануына жол бермеуге;

2. Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді қамтамасыз етуге; жергілікті атқарушы органдардың ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын бөлімшелеріне, жергілікті атқарушы органдар құрған мемлекеттік ветеринариялық ұйымдарға, мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау органдарына;

жаңадан сатып алынған жануар (жануарлар), алынған төл, оның (олардың) сойылғаны мен өткізілгені жөнінде хабарлауға; жануарлар қырылған, бірнеше жануар бір мезгілде ауырған немесе олар әдеттен тыс мінез көрсеткен жағдайлар туралы хабарлауға және ауру деп күдік келтірілген

кезде, ветеринария саласындағы мамандар, мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторлар келгенге дейін жануарларды оқшаулап ұстау жөнінде шаралар қолдануға;

ветеринариялық-санитариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін өз жануарларына уақтылы вакцина етуге және олардың диагностикасын қамтамасыз етуге; ветеринария саласындағы мамандардың ветеринариялық іс-шаралар өткізу бойынша қызметтік міндеттерін орындауы кезінде оларға жәрдем көрсетуге міндетті.

Осыған орай, мал бағуды негізгі кәсіп еткен халқымыз «Малы саудың – жаны сау» деген қағиданы ұстана отырып, аудан аумағында жануарлар мен адамға ортақ аурулардың алдын алу үшін жоғарыда көрсетілген міндеттерді орындауды сұраймыз.

Жанакорған аудандық ветеринариялық станция кәсіпорны

ЖОЛДАҒЫ ҚАУІПСІЗДІК – БАСТЫ ТАЛАП

Жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету – адам өмірі мен денсаулығын қорғауға бағытталған маңызды міндеттердің бірі. Бұл бағытта тиісті жұмыстар атқарылып, жол инфрақұрылымы жаңғыртылғанымен, жол ережесін сақтамайтын жүргізушілер мен жаяу жүргіншілердің жауапсыздығы әлі де өзекті мәселе болып отыр.

Үкімет отырысынан кейін облыс әкімінің төрағалығымен өткен мәжілісте «Жол қозғалысы мен жаяу жүргіншілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету туралы» мәселе қаралды. Жиында көтерілген міндеттерді орындау мақсатында қала әкімдігінде шаһар басшысы Нұржан Ахатовтың төрағалығымен тиісті жиын өтіп, сала жетекшілеріне бірқатар нақты тапсырма жүктелді.

Бүгінде Қызылорда қаласының жол-көлік инфрақұрылымын дамыту бағытында ауқымды жұмыстар жүргізілуде. Биыл осы мақсатта жалпы құны 38 млрд теңгені құрайтын жобалар жүзеге асырылуда. Сонымен қатар түнгі жарықтандыруды жақсарту мақсатында 42 көшеге жоба әзірленіп, оған 1 млрд теңге қаралған.

Аталған жобалардың барлығы ең алдымен жол қозғалысы қауіпсіздігін арттыруға, жүргізушілер мен жаяу жүргіншілерге қолайлы жағдай жасауға бағытталған.

Қала көшелеріндегі жол белгілері мен жол таңбалары тоқсан сайын жаңартылып, қажетті аумақтарға бағдаршамдар орнатылуда. Соған қарамастан жол қозғалысы талаптарын бұзу фактілері мен жаяу жүргіншілердің қатысуымен болатын жол-көлік оқиғалары әлі де кездеседі. Мәселен, биылғы жылдың сегіз айында қала көлемінде 575 жол-көлік оқиғасы тіркелген. Бұл көрсеткіш өткен жылдың кезеңімен салыстырғанда 17 пайызға төмендегенімен, әрбір жол апатының артында адам тағдыры тұрғанын ескерсек, мәселенің маңыздылығы сол күйінде қалып отыр.

– Жол-көлік оқиғаларының алдын алу бағытындағы жұмыстарды күшейтіп, қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша профилактикалық шараларды жүйелі түрде жүргізу қажет. Жаяу жүргіншілер мен көлік тізгіндеген азаматтарға күнделікті түсіндіру жұмыстары жүргізілуі тиіс. Біз үшін адам өмірі маңызды. Сондықтан берілген тапсырмаларды тиянақты орындау қажет, – деді қала әкімі Нұржан Ахатов.

Қазіргі таңда «Ақылды қала» және «Қауіпсіз қала» жобалары қарқынды жүзеге асырылуда. Бұдан бөлек, жол қозғалысы қауіпсіздігін арттыруға бағытталған инновациялық жобалар әзірленуде. Осыған орай шаһар басшысы сала мамандарына заманауи талаптарға сай жол инфрақұрылымын дамытып, инновациялық инженерлік шешімдерді енгізуге басымдық беруді тапсырды.

Қазіргі таңда автокөлік күнделікті өмірдің ажырамас бөлігіне айналды. Көлік саны артқан сайын жолдағы қозғалыс та көбейіп, қауіпсіздік мәселесіне қойылатын талап күшейе түсуде. Жол-көлік оқиғаларының басым бөлігі жол қозғалысы ережелерін сақтамаудан туындайды. Осыған байланысты Қызылорда қаласында жол қозғалысы ережелерінің сақталуын бақылау және құқық бұзушылықтардың алдын алу мақсатында «Қауіпсіз жол» жедел-профилактикалық іс-шарасы тұрақты түрде ұйымдастырылуда. Іс-шара барысында жол қозғалысы ережелерін өрескел бұзған жүргізушілер анықталып, оларға қолданыстағы заңнамаға сәйкес тиісті шаралар қабылданды.

Атап айтқанда, бірқатар жүргізушілер жаяу жүргіншілердің және жол қозғалысына қатысушылардың қауіпсіздігіне қатысты талаптарды бұзған. Тәртіп сақшылары үш жүргізушіні анықтап, полицияға жеткізді. Олардың барлығы Қызылорда қаласының 19 жастағы тұрғындары болып шықты. Үш құқық бұзушыға қатысты барлығы 9 әкімшілік жағтама толтырылып, тиісті айыппұлдар салынды. Сонымен қатар үш автокөлік арнайы тұраққа қойылды.

Хабарландыру!

«Туран-Барлау» ЖШС ҚР Экологиялық кодексінің 96 бабына сәйкес 05.11.2026ж. 10:00-да Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Теренөзек а. о., Теренөзек а., Қонаев к-сі, 8 ғимаратында 2028 жылға арналған «Майкыз» кен орнына атмосфералық ауаға ластанушы заттардың шекті рұқсат етілген шығарындылары жобасы, Өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы, Қалдықтарды басқару бағдарламасы, Табиғатты қорғау іс-шараларының жоспары бойынша ашық жиналыс түріндегі қоғамдық тыңдау өтетіндігін хабарлайды.

Әсер ету аймағы: Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Теренөзек а. о., Теренөзек а.

Қоғамдық тыңдаулар өткізу қағидаларының 1 тарау 8 тармағына сәйкес ұсыныстар мен ескертулерді жергілікті атқарушы орган қабылдайды: a.koszhanova@vmail.kz ақпараттық жүйе:https://ndbecology.gov.kz/ Жобалық құжаттама пакетімен ақпарат https://ndbecology.gov.kz/ ақпараттық жүйесінде және https://www.gov.kz/memleket/entities/kyzylorda-tabigat/?lang=kk сайтында танысуға болады.

ZoomКонференция: https://us04web.zoom.us/j/77466328586?pwd=rdKqkqrVPaH1kOrtzrh87LfaqisPEd.1

Конференция идентификаторы: 774 6632 8586 Кіру коды: 9BMKХх Жергілікті атқарушы органының электрондық мекенжайы мен пошталық мекенжайы: Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы: prd@vmail.kz, a.koszhanova@vmail.kz, prd@korda.gov.kz Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, №1, тел: 8-(7242)-60-53-62. Қосымша ақпарат: 8700550707

Белгіленген қызметтің бастамашысы: «Туран-Барлау» ЖШС, 120014, ҚР, Қызылорда қаласы, Төле би көшесі, № 29А ғимарат.

ЖСН 010540001631
Тел.: +77018048885
e-mail: TURAN.BARLAU@MAIL.RU
Жобаны жасақтаушы: «ОРДА-ЭкоМониторинг» ЖШС
БСН 191240016558
Қызылорда қаласы, Сырдария шағын ауданы, №20 үйі, 39-пәтер
Тел.: +7 777 785 13
E-mail: ordackemonitoring@bk.ru

Объявление!

ТОО «Туран-Барлау» в соответствии с требованиями ст.96 Экологического Кодекса РК, сообщает, что 05.11.2026 года в 10:00 по адресу Кызылординская область, Сырдарынский район, Тереноекский.о., с.Тереноек, ул. Кунаева 8, состоятся общественные слушания в форме открытого собрания по Проекту нормативов допустимых выбросов загрязняющих веществ в атмосферу для месторождений «Майкыз», ПЭК, ПУО, ПИМ на 2028 год.

Территория воздействия: Кызылординская область, Сырдарынский район, Тереноекский.о., с.Тереноек.

Согласно прил.1 п.8 правил проведения общественных слушаний предложения и замечания принимаются исполнительный орган: a.koszhanova@vmail.kz и информационная система: https://ndbecology.gov.kz/

С пакетом проектной документации можно ознакомиться в информационной системе https://ndbecology.gov.kz/ и на сайте https://www.gov.kz/memleket/entities/kyzylorda-tabigat/?lang=ru.

ZoomКонференция: https://us04web.zoom.us/j/77466328586?pwd=rdKqkqrVPaH1kOrtzrh87LfaqisPEd.1

Идентификатор конференции: 774 6632 8586
Код доступа: 9BMKХх
Электронный адрес и почтовый адрес местного исполнительного органа: Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Кызылординской области: prd@vmail.kz, a.koszhanova@vmail.kz, prd@korda.gov.kz г.Кызылорда, улица Бейбарыс Сұлтан, № 1, тел: 8-(7242)-60-53-62. Дополнительная информация: тел: 8-(700)-755-07-07.
Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «Туран-Барлау» 120014, Республика Казахстан, Кызылординская область, г.Кызылорда, улица Төле би, здание № 29А. БИН 010540001631
Тел.: +77018048885
e-mail: TURAN.BARLAU@MAIL.RU
Разработчик: ТОО «ОРДА-ЭкоМониторинг» РК, БИН 191240016558, город Кызылорда, мкр-н. Сырдария, дом №20, кв. 39
Тел. +7 777 785 13
e-mail: ordackemonitoring@bk.ru

ХАБАРЛАМА!

Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы бойынша шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі қайта конкурсқа шығарылған жер учаскелерінің тізбесі

№	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жер учаскесінің көлемі, гектар	Жер учаскесінің нысаналы мақсаты	Жер пайдалану құқығы	Топырақтың сапалық сипаттамасы	Алқаптардың құрамы	Бонитет балы	Өңірдің ауыл шаруашылығына мамандануы	Сумен қамтамасыз етілу мүмкіндігі
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
1	Жалағаш ауданы, Жаңадария ауылдық округі, «Атжайған» учаскесі	637	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	10 (он) жыл мерзімге уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығы	Жеңіл саздақты	Жайылымы 515 га, басқа алқаптары 122 га	2	Мал шаруашылығы	Жоқ
2	Жалағаш ауданы, Қаракеткен ауылдық округінің солтүстік беті аумағы	600	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	10 (он) жыл мерзімге уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығы	Орташа саздақты	Жайылымы 485 га, басқа алқаптары 115 га	5	Мал шаруашылығы	Жоқ

Конкурс Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 43-1 бабына және «Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсты ұйымдастыру мен өткізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер- Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2018 жылғы 20 желтоқсандағы №518 бұйрығына сәйкес өткізіледі.

Конкурсқа қатысуға өтінімдерді қабылдау Жалағаш ауданы, Жалағаш кенті, Желтоқсан көшесі №3 мекен-жайда орналасқан «Жалағаш ауданының ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 2026 жылғы «8» қазан сағат 900 - ден бастап 2026 жылғы «21» қазан сағат 1900 - ге дейін қабылданады.

Конкурс өткізу Жалағаш ауданы, Жалағаш кенті, Әйтеке би көшесі №12 мекен-жайындағы Жалағаш ауданы әкімдігінің мәжіліс залында 2026 жылғы «22» қазан күні сағат 1600 - де басталады.

Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімде;

1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғалары үшін - заңды тұлғаның атауы, оның тұрған жері, заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелуі (қайта тіркелуі) туралы мәліметтер, жарғылық капиталдағы (жарғылық капиталдың жалпы мөлшерінен) үлестерінің мөлшері көрсетіле отырып, өтінім берушінің - заңды тұлғаның басшылары мен қатысушылары немесе акционерлері туралы мәліметтер, өтінім берушінің үлестес тұлғалары туралы мәліметтер;

2) жеке тұлғалар үшін - өтінім берушінің тегі, аты және әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатқа көрсетілген болса), тұрғылықты жері, азаматтығы, жеке сәйкестендіру нөмірі, өтінім берушінің жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтер;

3) өтінім беруші үміттеніп отырған жер учаскесінің орналасқан жері;

4) конкурстық ұсыныс;

5) өтінім беруші шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурстың жөніназасы деп танылған жағдайда, шаруа немесе фермер қожалығын не ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскесін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) шартына қол қою қажеттігі туралы хабарламаны алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде көрсетілген шартты жасау жөніндегі міндеттеме қамтылуға тиіс.

Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімді жеке тұлғаның немесе Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғасының уәкілетті өкілдері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берілген және ресімделген сенімхаттың негізінде ұсына алады.

Аквашаруашылықты жүргізу үшін жер учаскесін беруді қоспағанда, конкурстық ұсыныста:..

1) бизнес-жоспар (инвестициялардың болжамды көлемі, ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру алаңдары, ауыл шаруашылығы жануарларының мал басы, қолданылатын агротехнологиялар, ауыл

Извещение!

Перечень земельных участков, повторно выставленных на конкурс по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства по Жалағашскому району, Кызылординской области.

№	Расположение земельного участка	Площадь земельного участка, гектар	Целевое назначение земельного участка	Право землепользования	Качественная характеристика почв	Состав угодий	Балл бонитета	Сельскохозяйственная специализация региона	Возможность обеспечения водой
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
1	Жалағашский район, сельский округ Жаңадария, участок «Атжайған»	637	Для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства	Право временного возмездного землепользования (аренды) сроком на 10 (десять) лет	Легкосуглинистая	Пастбища 515 га, прочие угодья 122 га	2	Животноводство	Нет
2	Жалағашский район, северная сторона Каракеткенского сельского округа	600	Для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства	Право временного возмездного землепользования (аренды) сроком на 10 (десять) лет	среднесуглинистая	Пастбища 485 га, прочие угодья 115 га	5	Животноводство	Нет

Конкурс проводится в соответствии со статьей 43-1 Земельного кодекса Республики Казахстан и приказом заместителя Премьер-Министра Республики Каз ахстан – Министра сельского хозяйства Республики Казахстан от 20 декабря 2018 года №518 «об утверждении Правил организации и проведения конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства».

Принем заявок на участие в конкурсе по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства осуществляется в коммунальном государственном учреждении «Отдел сельского хозяйства и земельных отношений Жалағашского района» по адресу: Кызылординская область, Жалағашский район, поселок Жалағаш, улица Желтоқсан №3 с 900 часов «8» октября 2026 года до 1900 часов «21» октября 2026 года.

Проведение конкурса начнется «22» октября 2026 года в 1600 часов в зале заседаний акимата Жалағашского района по адресу: Кызылординская область, Жалағашский район, поселок Жалағаш, улица Айтеке би №12.

Заявка на участие в конкурсе по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства должна содержать:

1) для негосударственных юридических лиц Республики Казахстан – наименование юридического лица, его место нахождения, сведения о государственной регистрации (перерегистрации) в качестве юридического лица, сведения о руководителях и участниках или акционерах заявителя – юридического лица с указанием размера их доли в уставном капитале (от общего размера уставного капитала), сведения об аффилированных лицах заявителя;

2) для физических лиц – фамилию, имя и отчество (если оно указано в документе, удостоверяющем личность) заявителя, место жительства, гражданство, индивидуальный идентификационный номер, сведения о документе, удостоверяющем личность заявителя;

3) местоположение земельного участка, на который претендует заявитель;

4) конкурсное предложение;

5) обязательства по заключению договора временного возмездного землепользования (аренды) земельного участка сельскохозяйственного назначения для ведения крестьянского или фермерского хозяйства либо сельскохозяйственного производства в течение трех рабочих дней со дня получения уведомления о необходимости подписания указанного договора в случае признания заявителя победителем конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства.

Заявку на участие в конкурсе по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства могут представлять уполномоченные представители физического лица или негосударственного юридического лица Республики Казахстан на основании доверенности, выданной и оформленной в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

Конкурсное предложение, за исключением предоставления

шаруашылығы техникасы мен технологиялық жабдықтың, ауыл шаруашылығы саласындағы білікті мамандардың болуы, ашылатын жұмыс орындарының саны);

2) шаруашылықшілік жерге орналастыру жобасын жасау және игеру, ауыл шаруашылығы инфрақұрылымын дамыту іс-шараларын орындау жөніндегі міндеттемелер;

3) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 17 қаңтардағы № 7 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19893 болып тіркелген) бекітілген Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді ұтымды пайдалану қағидаларын және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2017 жылғы 24 сәуірдегі № 173 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15090 болып тіркелген) бекітілген Жайылымдарды ұтымды пайдалану қағидаларын қоса алғанда, Қазақстан Республикасы жер заңнамасының талаптарын орындау, өңірдің мамандануына сәйкес ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс алаңдары құрылымын әртараптандыру бойынша индикативтік көрсеткіштерді орындау, ғылыми негізделген агротехнологияларды, фитосанитариялық және карантиндік талаптарды сақтау жөніндегі міндеттемелер қамтылады.

Өтінім беруші конкурстық ұсыныста ұсынған міндеттемелер мен бизнес-жоспар шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскесін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) шартының ажырамас бөлігі болып табылады.

Конкурстық ұсынысты, «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы беру жағдайларын қоспағанда, конкурсқа қатысушы беттері нөмірленіп, тігілген түрде мөрленген немесе өшірілмейтін сиямен жазылған жабық конвертке ұсынады, конкурстық ұсыныстың соңғы беті жеке тұлғалар (немесе сенімді өкіл) үшін - қатысушының қолымен және заңды тұлғалар үшін - бірінші басшының (немесе сенімді өкіл) қолымен және мөрмен (бар болса) куәландырылады.

Өтінімде және конкурстық ұсыныста қатысушыға грамматикалық және арифметикалық қателерді түзету қажет болған жағдайларды қоспағанда, жолдар арасында ешқандай кірістірмелер, өшірулер немесе қосып жазулар болмауы тиіс.

Конкурстық ұсыныстың жабық конвертінде «шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурс» және 2026 жылғы 22 қазан сағат 1600 - ге дейін ашуға болмайды» деген сөздер жазылады.

Конкурсқа шығарылған жер учаскелерінің орналасу сызбасын Жалағаш ауданы, Жалағаш кенті, Желтоқсан көшесі №3 мекен-жайда орналасқан «Жалағаш ауданының ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінен көруге болатындығын хабарлаймыз. Байланыс телефоны: 8(72431) 31-8-70.

земельного участка для ведения аквакультуры, содержит:

1) бизнес-план (прогнозный объем инвестиций, площади возделывания сельскохозяйственных культур, поголовье сельскохозяйственных животных, применяемые агротехнологии, наличие сельскохозяйственной техники и технологического оборудования, квалифицированных специалистов в области сельского хозяйства, количество создаваемых рабочих мест);

2) обязательства по составлению и освоению проекта внутрихозяйственного землеустройства, выполнению мероприятий по развитию сельскохозяйственной инфраструктуры;

3) обязательства по исполнению требований земельного законодательства Республики Казахстан, включая Правил рационального использования земель сельскохозяйственного назначения, утвержденных приказом Министра сельского хозяйства Республики Казахстан от 17 января 2020 года № 7 (зарегистрирован в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов № 19893), и Правил рационального использования пастбищ, утвержденных Заместителя Премьер-Министра Республики Казахстан – Министра сельского хозяйства Республики Казахстан от 24 апреля 2017 года № 173 (зарегистрирован в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов № 15090), выполнению индикативных показателей по диверсификации структуры посевных площадей сельскохозяйственных культур в соответствии со специализацией региона, соблюдению научно-обоснованных агротехнологий, фитосанитарных и карантинных требований.

Обязательства и бизнес-план, предложенные заявителем в конкурсном предложении, являются неотъемлемой частью договора временного возмездного землепользования (аренды) земельного участка сельскохозяйственного назначения для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства. Конкурсное предложение представляется участником конкурса в закрытом конверте, отпечатанное или написанное несмываемыми чернилами в прошитом виде с пронумерованными страницами, где последняя страница заверяется: подписью участника – для физических лиц (или доверенного лица) и подписью первого руководителя (или доверенного лица) и печатью (при ее наличии) – для юридических лиц, за исключением случаев его подачи посредством веб-портала «электронного правительства».

В заявке и на конкурсном предложении не должно быть никаких вставок между строчками, подтирок или приписок, за исключением тех случаев, когда участнику необходимо исправить грамматические или арифметические ошибки.

В закрытом конверте конкурсного предложения указывается надпись «Конкурс по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства» и «Не вскрывать до 1600 часов «22» октября 2026 года».

Сообщаем, что схему расположения земельных участков, выставленных на конкурс, можно посмотреть в Коммунальном государственном учреждении «Отдел сельского хозяйства и земельных отношений Жалағашского района», расположенном по адресу: Жалағашский район, поселок Жалағаш, улица Желтоқсан №3.

Контактный телефон: 8(72431) 31-8-70.

